

КЛАССИКЛЫҚ ДӘРІС.

ЛОГИСТКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ МАТЕРИАЛДЫ АҒЫНДАР

Дәрістің мақсаты - логистикадағы ағындардың мәні мен мазмұнын ашу.

Негізгі түсініктер: материалдық, қаржылық, ақпараттық, сервистік ағындар





Қарастырылатын сұрақтар:

1. Материалдық ағын
ұғымы

2. Қаржы ағындары

3. Ақпараттық ағындар

4. Сервистік ағындар



Материалдық ағымдар дегеніміз – логистикалық операцияларды жүргізу барысында қарастырылатын жүктер, бөлшектер, тауарлы материалды құндылықтар жиынтығы.



Жүктердің, бөлшектердің, тауарлы-материалды құндылықтардың тасымалдау, өндірістік, қоймалау звенолары арқылы жылжу жолында барлық операцияларды бөліп қарастыру төмендегі мүмкіндіктерді береді:

- өзгермелі өнімнің соңғы тұтынушыға жылжу үрдісін бақылау;
- бұл үрдісті нарық қажеттіліктерін ескере отырып жобалау.



Материалдық ағым өлшемі бөлшек түрінде беріледі, оның алымында жүктің өлшем бірлігі көрсетіледі (дана, тонна және т.б.), ал бөлімінде уақыттық өлшем бірлігі (тәулік, ай, жыл және т. б.). Мысалы, материалдық ағым өлшемі –
тонна/жыл.





Кейбір логистикалық операцияларды жүргізуде материалдық ағым берілген уақыт мезетінде қарастырылуы мүмкін. Онда ол материалды қорға айналады. Мысалы, жүкті тасымалдау операциясы темір жол көлігімен жүруі мүмкін. Жүк жолда болған кезде, ол материалдық қор болып табылады және "жолдағы қор" деп аталады.




ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСТЫ



МАТЕРИАЛДЫҚ АҒЫМДАР НАТУРАЛДЫҚ-ЗАТТАЙ ҚҰРАМЫ БОЙЫНША



Бір ассортиментті



Көп ассортиментті

Мысалы, ет, балық, көкөніс, жеміс сататын көтерме азық-түлік базарындағы логистикалық үрдіс аттас жүкпен жұмыс жасайтын картоп сақтау орнындағы логистикалық үрдістен ерекшеленеді.



САНДЫҚ БЕЛГІСІ НЕМЕСЕ КӨЛІК ТҮРІ БОЙЫНША

Жаппай ағындар

- темір жол құрамы немесе оншақты вагондармен, автомашиналар тізбегімен, су көліктерімен және т. б.

Ірі ағындар

бірнеше вагондар, автомашиналар

Орташа ағындар


- жалғыз вагондармен немесе 1 ғана автокөлікпен

Шағын ағындар

- көлік құралдарының жүк көтерімділігін толық қолдауға мүмкіндік бермейтін және тасымалдау кезінде басқа жол бойы жүктермен үйлестіруді қажет ететін жүктер санын құрайды.




ҮЛЕС САЛМАҒЫ БОЙЫНША



ЖҮКТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ БОЙЫНША

Тиелетін жүктер (тұз, көмір, кен,
құм және т.с.с.) – минералдар
тектес



сусымалы жүктер (үйіп
тасымалданатын)

Құйылатын жүктер – цистерналарда және
танкерлерде тасылатын жүктер.



ҮЗІЛІССІЗДІК БЕЛГІСІ БОЙЫНША

ҮЗІЛІССІЗ

тұйық циклды үзіліссіз өндірістік (технологиялық) үрдістегі шикізат пен материалдар ағымы, құбыр арқылы тасымалданатын мұнай өнімдерінің, газдың ағымдары және т.б. жатады

ДИСКРЕТТІ

көліктің барлық басқа түрлеріндегі ағындар.

Өндіріс және тауар айналымы салаларындағы материалдық ағындардың көпшілігі кеңістік пен уақыт бойынша дискретті (үзіліссіз) болып табылады



АҒЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША

АНЫҚТАЛҒАН

- белгілі параметрлері бар, сирек кездеседі;

СТОХАСТИКАЛЫҚ

- Егер ағын параметрлерінің кем дегенде біреуі белгісіз болса немесе кездейсоқ мән болса. Логистикалық жүйелерде ағындардың көпшілігі стохастикалық болып табылады.





ҚАРЖЫ АҒЫНДАРЫ



Қаржы ағыны - бұл кәсіпорынның логистикалық жүйесі мен кәсіпорындар арасындағы материалдық және ақпараттық ағындармен байланысты қаржылық ресурстардың бағытталған қозғалысы.

Ағынның көлемі уақыт бірлігі үшін ақша бірлігінде көрсетіледі. Ағынның құны оны ұйымдастыруға жұмсалған шығындармен анықталады.



Қаржы ағынының негізгі сипаттамалары



- **Көлем** (Ағынның көлемі уақыт бірлігі үшін ақша бірлігінде көрсетіледі)
- **Шығындар** (Ағынның құны оны ұйымдастыруға жұмсалған шығындармен анықталады)
- **Бағыт** (оның ұйымдастырушы кәсіпорнына қатысты анықтайды)



Кіріс

- сатушының ақша алуы

ШЫҒЫС

- сатып алушының жеткізушіге жеткізуін төлеу

Ішкі

- Қордың тұрып қалуы



ҚАРЖЫ АҒЫНДАРЫ ШАРУАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛЕДІ.

тауарларды сатып алуға байланысты

кәсіпорында ішкі тауарларды бөлу үшін
қажетті қаржы қаражаты және қорларды
ұстау

тауарларды өткізу немесе сату
процесінде туындайтын шығындар.

**МАҚСАТЫ
БОЙЫНША**



ШАРУАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША

- қаржы қаражаты бір-бірінен тәуелсіз кәсіпорындар арасында өтеді

Көлденең
қаржы
ағындары



- бас және еншілес ұйымдар арасында өтеді

Тік қаржы
ағындары






АҚПАРАТТЫҚ АҒЫНДАР



Өндіріс және тауар айналымы салаларындағы ақпараттық ағындар материалдық ағындарға қатысты ілесіп болып табылады және оның қозғалысын басқару үшін қажетті ақпаратты қамтиды



АҚПАРАТТЫҚ АҒЫНДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ



Экономикалық жүйелердегі **ақпараттық ағындардың рөлінің артуы** келесі себептерге байланысты:

- тұтынушыға тапсырыс мәртебесі, қоймада тауардың болуы, жеткізу мерзімі туралы ақпарат қажет, яғни ақпарат *клиенттерге қызмет көрсетудің қажетті элементі* болып табылады;
- *толық және сенімді ақпараттың* болуы сұраныстағы белгісіздікті азайту есебінен қорларға қажеттілікті азайтуға мүмкіндік береді.;
- *уақытылы ақпарат* бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізу үшін логистикалық жүйенің икемділігін арттырады.



СЕРВИСТІК АҒЫНДАР



Сервистік ағындар - бұл кәсіпорынның сыртқы немесе ішкі тұтынушыларының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында логистикалық жүйе немесе оның ішкі жүйелері құратын қызметтер ағындары



Қызметтерді өндірушіден тұтынушыға материалдық ағындарды жылжыту процесінде делдалдар ұсына алады, сондықтан компания логистикалық процеске қатысушылардың үш жағын ажыратады

**Шикізатты
немесе
тауарларды
жеткізушілер**



**Логистикалық
делдалдар**



Тұтынушылар

Логистикалық делдалдар

Негізгі

Тасымалдаушылар

Экспедиторлар

Сақтау қоймалары

Көмекші


Сақтандырушылар

Күзет кәсіпорындар


Кедендік брокерлер

Банктер

Жеткізу тізбегінің тағы
бір қатысушысы - бұл
ЛОГИСТИКАЛЫҚ
провайдер









- материальный и сервисный потоковый процесс
- ← - - - информационный потоковый процесс
- ← ···· финансовый потоковый процесс





Управление движением продукции
производственно-технического назначения



Управление движением товаров народного потребления

⇒ МП ⇄ ИП



Бақылау сұрақтары

1. Ағын ұғымын анықтаңыз.
2. Ағын қандай бірліктерде өлшенетіндігін атаңыз?
3. Материалдық ағын мәнін ашыңыз?
4. Материалдық ағын қандай параметрлермен сипатталатындығын талдаңыз?
5. Логистикалық жүйеде материалдық ағындарды жіктеуді беріңіз.
6. Қаржы ағыны дегеніміз не?
7. Қаржы ағыны қандай бірліктермен өлшенетіндігін анықтаңыз?
8. Логистикадағы қаржы ағынын сипаттаңыз.
9. Материалдық ағындарды басқарудағы қаржы ағындарының рөлі қандай екендігін сипаттаңыз?
10. Логистикадағы ақпараттық ағындар қандай белгілерге сәйкес жіктелетіндігін саралаңыз?
11. Ақпараттық ағындардың түрлерін жіктеңіз.
12. Қазіргі экономикалық жүйелердегі ақпараттық ағындардың рөлін сипаттаңыз?
13. Логистикадағы қызмет ағынын анықтаңыз.
14. Логистикадағы сервистік ағындар мәнін ашыңыз.
15. Логистикадағы қызмет ағынына қатысушыларды атаңыз.

